

«Оқушыларға оқу-зерттеу қызметі арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру» атты облыстық семинар қорытындысы

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2020 жылдың жоспары бойынша және облыстық экологиялық-биологиялық орталығының 16 қараша №57 хатына сәйкес облыстық экологиялық-биологиялық орталығының ұйымдастыруымен, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру сапасын арттыру, экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында ағымдағы жылдың 25-ші қарашада «Оқушыларға оқу-зерттеу қызметі арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру» тақырыбындағы облыстық қашықтықтан семинар өткізілді.

Семинарға 12 аудан, Орал қаласы әдіскерлері, қосымша білім беру педагогтері және биология пәні мұғалімдері қатынасты. Барлығы 87 педагог. Семинар барысында оқу-білім беру үдерісінде оқу-зерттеу жұмыстардың әр түрлі формаларын қолдану бойынша теориялық және практикалық мәселелер қаралды.

Габбасова Замзагуль Аманжоловна қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің бас маманы Батыс Қазақстан облысында экологиялық тәрбие беру арқылы, экологиялық білімді дамыту туралы ақпаратымен бөлісті.

Хайруллина Айгуль Болатовна «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Батыс Қазақстан облысы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының меңгерушісі өз сөзінде жаратылыстану сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту ерекшеліктерін атап өтті.

Каумбаева Фиягуль Кубиновна ОЭБО өсімдіктер әлемі бөлімінің меңгерушісі мектеп жағдайында үлескідегі коршаған ортаның биоиндикациясын зерттеу аспектілері туралы тәжірибесімен бөлісті.

Семинар бағдарламасы бойынша Шарафетдинова Бақтыгуль Ахметкереевна Бөкей ордасы ауданы, Жәңгір хан атындағы ЖОББМ биология пәні мұғалімі және Вологин Николай Васильевич Тасқала МТЖО оқушылардың экологиялық станциясының жетекшісі өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

ОЭБО әдіскері Кужбанова С.М жобалық технология туралы айтып берді.

2019-2020 жылғы іс- шаралардың қорытындысы бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен әдіскерлерге алғыс хат табысталды.


Семинар пікір алмасу және ұсыныстар түрінде қорытынды шығарумен аяқталды. Семинардың барлық қатысушылары семинардың жұмысына, іс-шараның ұйымдастырылуына және жалпы жағдайына жоғары баға берді. Семинардың ерекшелігі ретінде аталған іс-шараның өзектілігі, ұсынылған жұмыс түрлерінің әртүрлілігі, материалды баяндаудың қолжетімділігі мен мазмұндылығы атап өтілді. Семинар қорытындысы бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

- семинар алдына қойылған негізгі міндеттері орындалды;

- семинар барысында қатысушылардың жоғары белсенділігі (баяндамашыларға көп сұрақтар қойылу, пікірталастар мен ойындарға белсенді қатысу).

- семинарда ұсынылған жұмыстың мазмұны мен технологиясы педагогтардың қызметінде қолданылуы мүмкін;

Семинардың нәтижесі-педагогтардың жұмысын жаңа деңгейге көтеретін, шығармашылық жетістіктерге бағыттайтын тиімді тәжірибе.



Зерттеу әрекетінің қызметі

1-4 сынып	5-8 сынып	9-11 сынып
<ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және оқуға деген мүдделілігін қалыптастыру - зерттеу тәртібінің дамуына ықпал ету 	<ul style="list-style-type: none"> - білім мазмұнын меңгертуге қажетті зерттеу жобаларын жүзеге асыру және оны орындау әдісімен, құралдарымен жұмыстандыру 	<ul style="list-style-type: none"> - кәсіби бағдар негізі ретінде зерттеу құзыреттілігі мен кәсіпалды даярлық дағдыларын дамыту